

**«Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси
ахуалды зерттеу (бірінші жартыжылдық)»
тақырыбына жүргізілген
әлеуметтік зерттеу бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА**

Астана қаласы, 2017 ж.

Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси ахуалды зерттеу (бірінші жартыжылдық) / А.С.Жусупова, Т.Б.Калиев, А.С.Кайдарова, З.Т. Алинова – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2017. – 113 б.

Баяндамада Қазақстан Республикасы жастары арасындағы қоғамдық-саяси ахуалды зерттеу бойынша жүргізілген эмпирикалық әлеуметтік зерттеу қорытындылары ұсынылған. Зерттеуді «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізді. Зерттеу барысында ел жастарының әлеуметтік әл-ауқаты, азаматтық белсенділігі, діни көзқарастары сияқты мәселелер қарастырылды.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2017

Мазмұны:

	Бет
КІРІСПЕ	4
1-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫ	8
ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР	28
2-ТАРАУ. ЖАСТАРДЫҢ САЯСАТҚА ҚАТЫСУЫ	31
ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР	45
3-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІН	
ШЕШУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	47
ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР	59
4-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ	
ДЕНГЕЙІ	61
ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР	69
5-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ: ЖАСТАРДЫҢ	
БАҒАЛАУЫ БОЙЫНША ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТАРАЛУЫ МЕН	
ОНЫМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ	70
ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР	77
6-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСЫ	78
ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР	85
ҚОРЫТЫНДЫ	86
ҚОСЫМША	88

КІРІСПЕ

Қазіргі уақыттағы жастардың жағдайын, қоғамдағы әл-ауқатын зерттеу республикамыз үшін аса маңызды мәселе. Жастар орташа санатты топтың өзегі болып табылатын зиялы қауым қатарын толтыру көзі болып отыр.

Қазақстанда жастар мәселесі бірнеше он жылдық көлемінде отандық әлеуметтік саясат пен тәжірибедегі ең өзекті мәселелердің бірі болып қала беруде. Қазақстанның қазіргі жастары – бұл айтарлықтай саяси, әлеуметтік және экономикалық трансформациялар уақытында туып, өскен ұрпақ. Бұл өмірге деген өзіндік көзқарастары бар, өз ұстанымдары мен құндылықтары қалыптасқан жастар. Осыған байланысты бүгінгі заман жастарымен танысу, олардың әлемімен танысу аса маңызды. Әлеуметтанушылар Қазақстанның әр түрлі өңірлеріндегі жастардың әлеуметтік хал-ахуалы жақсарды деген болжам жасап отыр, бұл әлеуметтік саясаттың сауатты қалыптастырылуының нәтижесі деп түсіндіріледі. Қазақстандық әлеуметтанушылардың соңғы зерттеулері де қаржылық-экономикалық дағдарысқа қарамастан жастардың әлеуметтік ауқатының басқа әлеуметтік-демографиялық топтармен салыстырғанда жақсы екендігін көрсетіп отыр. Дегенмен, жалпы әлеуметтік жағдайдың жақсаруына қарамастан зерттеушілер «жастардың көпшілігінің қандай да бір қалыптасқан дүниетанымының, құндылықтар жүйесінің, нормалар мен ұстанымдарының, саналық қайшылықтардың жоқтығын аңғаруға болады» деп отыр.

Жастардың мәселелерін шешу жолдары мемлекеттің сөз бен қағаз жүзіндегі жоспары ғана емес, жүйелі түрде, іс жүзінде атқарылатын мақсатты әрекеттеріне негізделген. Биліктің жас жеткіншектеріміздің шынымен де ел болашағы екенін сезінуі тиіс. Жастардың еңбек ресурстарының таралуы мен арттырылуының негізгі көзі екендігін ескеретін болсақ, жас мамандарға селқос қарамауымыз керек, жастардың еңбек нарығындағы жағдайларына назар аударып, жас жұмыскерлердің ерекшеліктеріне тиісті баға беру қажет.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктерді жастардың рухани, мәдени, біліми, кәсіби тұрғыдан қалыптасуы үшін жасау мақсатында жүргізіледі, жастардың тұтас қоғам мүддесіне орай шығармашылық әлеуеттерін ашу мақсатында жүзеге асырылады.

Жастардың әлеуметтік мәселелері жас тұлғаны қоғамның дамуындағы аса маңызды үрдістерге араластыру ретінде қарастырылады.

Барлық уақытта да кез-келген қоғамда жастар мәселесі өзекті болған, ал қазақстандық жастар үшін сапалы білім алу, жұмысқа тұру, жеке баспанаға қол жеткізу сияқты мәселелер өзекті. Ал бүгінгі таңда өршіп отырған мәселе – бұл жастардың жұмыссыздығы, демек, жастардың жұмыспен қамтылу мәселесі.

Бұл зерттеудің мақсаты: Қазақстан жастарының әлеуметтік ахуалын қарастыру, оның негізгі қажеттіліктерін анықтау, әлеуметтік тәжірибелерге талдау жүргізу болып табылады.

Көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер шешілуі тиіс:

- жастар арасындағы негізгі қажеттіліктерді анықтау;
- жастар ортасындағы қоғамдық-саяси ахуалды бағалау;
- жастардың өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің рейтингін дайындау;
- жастардың өмір сүру сапасына, өздерінің материалдық жағдайларына қанағаттану деңгейін анықтау;
- жастардың наразылыққа әлеуеттілік деңгейін анықтау;
- мемлекеттік жастар құрылымдары қызметтерінің тиімділігін бағалау;
- жастар арасындағы патриотизм деңгейін анықтау;

- жастар арасындағы діни ахуалды барлау;
- жастар арасындағы миграциялық пейілді анықтау;
- жеке басының қауіпсіздігіне қанағаттану деңгейін анықтау;
- мүдделі мемлекеттік органдар үшін елдің өңірлеріндегі жастар арасындағы жағдайларды әлеуметтік-экономикалық тұрақтандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі мен нысаны: Қазақстан Республикасының жасы 14-29 аралығындағы, әлеуметтік-демографиялық және өңірлік сипаттарын репрезентациялайтын параметрлер бойынша іріктелген жастары.

Зерттеу мәнісі: жас қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқат, ниет пен қажеттілік туралы пікірлерін зерттеу.

Негізгі ұғымдар интерпретациясы

Жастар – он төрт жасқа толған және жиырма тоғыз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының жас азаматтары. Жастар – бұл әлеуметтік-жас шамасына қарай іріктелген, қоғамда өзінің жас шамасымен және мәртебесімен ерекшеленетін топ: балалық шақ пен жастық шақтың әлеуметтік жауапкершілікке ауысу кезеңі. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам белгілі жеңілдік бере отырып әлеуметтік қалыптасуларына мүмкіндік беретін, бірақ әлеуметтік салаларыға белсене ат салысу мүмкіндігін шектейтін жас тұлғалар топтамасы деп түсіндіреді.

Әлеуметтік қажеттілік – әлеуметтік субъектінің өмір сүруі үшін қандай да бір жағдайлардың жеткіліксіздігі барысындағы бастапқы қозғаушы күш, оның қажеттілігін білдірудің үлгісі. Тек қана саналы түрдегі қажеттілік адамдардың мақсаттарының, ниеттерінің, мүдделерінің айқындалуы салдарынан әрекет етуге бастайтын күш бастамашы күш бола алады.

Әлеуметтік көңіл-күй – бұл белгілі әлеуметтік топтаманың өзінің қоғамдағы ахуалына, әлеуметтік-экономикалық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылу деңгейіне, мүдделерінің орындалуына беретін бағасының эмоционалдық аспектісі. Әлеуметтік көңіл-күй арқылы топтың қоғамда болуы арқылы қалыптасатын жағдайының жалпы сипаты (экономикалық, саяси, идеологиялық, ұлттық және т.б.) көрсетіледі. Әлеуметтік көңіл-күй әлеуметтік марапатты, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін, мүдделерінің жүзеге асырылуын басқа адамдардың осындай мүмкіндіктерімен (шарттарымен) салыстыру барысында қалыптасады.

Жастардың әлеуметтік тәжірибелері – жастардың күнделікті өмірде қабылданатын қоғамдық маңызы бар шешімдерге, қабылданған шешімдердің нәтижелері үшін жауапты болуға қатысу мүдделері мен құқықтарын, сонымен қатар демократиялық әдіспен әлеуметтік ортаға ықпал ету құқығын жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері мен өзін-өзі ұстаудың дағдылы амалдарының жиынтығы.

Құндылық ұстанымдары – адам санасындағы ол өмірдегі стратегиялық маңызды мақсат және жалпы дүниетанымдық қағидат деп танитын құндылықтар сипаты.

Зерттеу гипотезасы: жас ұрпақ өздерінің Қазақстан азаматы екендігін мақтан тұтады және патриоттық сезімдері жоғары, жастардың көпшілігі ағымдық ахуалға берілетін бағаға қарамастан өзінің болашағына қатысты оптимисті көзқараста.

Қазіргі уақытта жастар ортасындағы наразылық көзқарас орташа. Бірқатар облыс жастары арасында әлеуметтік қарбалас байқалады, оған наразылық шараларына қатысу ықтималдығы емес, өзінің материалдық жағдайына көңілінің толмауы, елді мекендегі тұрмыс-тіршіліктің қиындығы әсер етеді.

Жастар қоғамның белсенді мүшесі болып саналады, олардың болашақтағы маңызы ерекше, сәйкесінше, мемлекеттің даму тетіктерінің жастар мәселесіне қатысты болмауы мүмкін емес.

Іріктелгендердің жалпы саны 2 000 респондентті құрайды. Әлеуметтік зерттеу жүргізілетін аумақ Қазақстан Республикасының барлық өңірлері мен республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларын, 14 облыстық орталықты, сонымен қатар ауылдық елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде стратталған көп сатылы іріктеу амалы қолданылды. Бастапқыда, облыс және республикалық маңызы бар қалалардың халық саны негізінде іріктеу көлемі елдің 16 өңірі бойынша анықталды. Әрі қарай әрбір өңір бойынша қалалық және ауылдық елді мекендер бойынша іріктелетін көлем анықталды.

1-кесте. Жоба бойынша іріктелген жиынтық, адам

	Барлық тұрғын			Қалалық тұрғындар			Ауылдық тұрғындар		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Мужчины	Женщины
Қазақстан Республикасы	2000	1006	994	1145	560	585	854	446	408
Ақмола облысы	79	41	38	36	18	18	43	23	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	20	18
Алматы облысы	211	108	103	49	25	24	162	84	78
Атырау облысы	68	35	33	31	15	16	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	71	36	35	35	17	18	36	19	17
Жамбыл облысы	122	62	60	48	24	24	74	38	36
Қарағанды облысы	149	75	74	117	58	59	32	17	15
Қостанай облысы	96	49	47	51	25	26	45	23	22
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	32	17	15	40	20	20
Оңтүстік Қазақстан облысы	340	173	167	150	75	75	190	99	91
Павлодар облысы	78	39	39	55	27	28	23	12	11
Солтүстік Қазақстан облысы	55	29	26	26	13	13	29	16	13
Шығыс Қазақстан облысы	144	73	71	91	45	46	53	29	24
Астана қаласы	101	48	53	101	48	53	-	-	-
Алматы қаласы	223	103	120	223	103	120	-	-	-

* ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің 2016 жылғы мәліметтері бойынша.

Іріктелген жиынтық көлемі: бұл зерттеуде респонденттерді іріктеу үшін біріншіден, іріктеудің ықтималдық дизайны пайдаланылды, ол кез-келген тұлға (14-29 жас аралығындағы) сабақтастық ауқымында талдау үшін тең мүмкіндікке ие болатындай қалыптастырылды. Екіншіден, страталанған көп сатылы іріктеу қолданылды, онда негізгі страталар ретінде төменде көрсетілген сатылар алынды.

1-саты. Облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша іріктеу – жасы 14-29 аралығындағы халық санына сүйене отырып іріктеу көлемі елдің 16 өңірі бойынша анықталды: Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық.

2-саты. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әр облыс бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемі анықталды.

3-саты. Бастапқы нүктені іріктеу – әр елді мекен бойынша кездейсоқ амалмен сапар бағытының бастапқы нүктесі мен респонденттер саны анықталды.

4-саты. Үй шаруашылығын іріктеу – бастапқы нүктеден басталатын сапар бағыты бойынша «сол қанат» ережесіне сай үй шаруашылықтары іріктелді.

5-саты. Респонденттерді квота бойынша іріктеу – әрбір жеке үй шаруашылықтары бойынша респонденттер екі белгі бойынша іріктелді: жынысы мен жасы (жыныстық-жастық квота бойынша). Респондент жасының 14 төмен, 29 жоғары болмауы керек, жынысы бойынша репрезентативтік өкілдік талабы сақталды (сауалнама жүргізілген ерлер мен әйелдер саны әр облыс, қала және ауыл бойынша статистика жөніндегі Комитет деректеріне сай есептелді).

Қолданылған іріктеу репрезентативті болып табылады, демек, белгіленген параметрлер бойынша респонденттер құрамы негізгі сабақтастықтағы сәйкес пропорцияларға жуық (статистика жөніндегі Комитеттің 2016 жылғы мәліметтері бойынша). Іріктеу сабақтастығының орташа сипаттаманың негізгі сабақтастық сипаттамаларынан ауытқуы $\pm 3,5\%$ артық емес.

Ақпарат жинау әдісі бастапқы әлеуметтік ақпараттарды жинауда жасы 14-29 аралығындағы жастарға «face-to-face» әдісімен жүргізілген жалпылай сауалнама амалы пайдаланылды. Бұл әдіс Қазақстан жастары ортасында қалыптасқан жағдай бойынша неғұрлым объективті ақпарат алуға, сонымен қатар жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибелері туралы мәлімет алуға мүмкіндік берді.

Жалпылама сауалнама жүргізу төңірегінде ақпарат жинау көбіне респонденттердің тұрғылықты жерлері (пәтерлік сауалнама), оқу/жұмыс орны/жұмыспен қамту орталығы (қажетті топты неғұрлым жылдам табу және және сауалнамаға қатыстыру мақсатында) бойынша жүргізілді. Таңдап алынған әдіс ағымдық зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сай келеді.

Зерттеу кезеңі: мамыр-маусым айлары, 2017 жыл.

1-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫ

Анықталған мәліметтерге сүйенер болсақ, ел жастарының басым көпшілігі Қазақстан азаматы болып табылады. Олардың барлығы өздерінің осы ел азаматы екендігін мақтан тұтады. Мақтан тұтпаймын деп жауап бергендер саны статистикалық кемшілік шегінде ғана (1-диаграмма).

1-диаграмма



Бұл сұрақ бойынша жас ерекшелік немесе гендерлік жіктелім бойынша айырмашылық жоқ, дегенмен, айырмашылық сауалнамаға қатысқандардың әл-ауқатына байланысты байқалды. Сұраққа «мақтан тұтпайтын шығармын» деп жауап бергендер арасында материалдық қиыншылық көретін жастар бар («Қаражаты ең негізгі қажеттіліктерге жеткілікті, бірақ ірі тұрмыстық техника сатып алу қиын»). Дегенмен, хал-ахуалдың жақсы болуы мен патриотизм арасында корреляция бар деп растауға болмайды (1-кесте).

1-кесте Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізді мақтан тұтасыз ба?

	Сіз отбасыңыздың материалдық жағдайын қалай бағалар едіңіз?						
	Толық жеткілікті, қаражаттан қысым көрмейміз	Ақша жылжымайтын мүлкімен басқасының барлығына жетеді	Ақша жеткілікті, бірақ жаңа автокөлік сатып алу қиындау	Ақша ең қажеттінің барлығына жетеді, бірақ ірі тұрмыстық техника сатып алу қиын	Ақша азық-түлікке жетеді, бірақ киім-кешек сатып алуға жеткіліксіз	Азық-түлікке ақша үнемі жете бермейді	Жауап бере алмаймын
Иә, мақтан тұтамын	88,1%	80,1%	76,6%	69,2%	78,9%	87,8%	69,8%
Мақтан тұтатын шығармын	9,3%	17,5%	22,2%	28,4%	18,4%	8,2%	30,2%
Мақтан тұтпайтын шығармын	0,7%	0,8%	0,6%	1,5%	1,5%	4,1%	0,0%
Жоқ, мақтан тұтпаймын	1,9%	0,4%	0,0%	0,6%	0,4%	0,0%	0,0%
Жауап бере алмаймын	0,0%	1,2%	0,6%	0,3%	0,8%	0,0%	0,0%

Бұл сұрақ бойынша нақты айырмашылық ұлттық жіктелім бойынша байқалды. Қазақстанның азаматы екендігін мақтан тұтатындар арасында қазақтар көп (2-кесте).

2-кесте Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізді мақтан тұтасыз ба?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Иә, мақтан тұтамын	79,1%	64,3%	69,6%
Мақтан тұтатын шығармын	19,1%	30,5%	29,2%
Мақтан тұтпайтын шығармын	1,1%	1,9%	0,6%
Жоқ, мақтан тұтпаймын	0,5%	1,3%	0,0%
Жауап бере алмаймын	0,1%	1,9%	0,6%

Жастары «Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізді мақтан тұтасыз ба?» сұрағына «Мақтан тұтатын шығармын» деп жауап берген жастардың көбісі Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облысынан (3 және 4-кестелер).

3-кесте Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізді мақтан тұтасыз ба?

	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Иә, мақтан тұтамын	93,7%	90,1%	83,9%	92,6%	81,9%	88,5%	53,5%	80,5%
Мақтан тұтатын шығармын	6,3%	8,9%	12,8%	7,4%	17,4%	11,5%	43,7%	14,1%
Мақтан тұтпайтын шығармын	0,0%	1,0%	0,9%	0,0%	0,7%	0,0%	0,0%	4,0%
Жоқ, мақтан тұтпаймын	0,0%	0,0%	1,4%	0,0%	0,0%	0,0%	1,4%	1,3%
Жауап бере алмаймын	0,0%	0,0%	0,9%	0,0%	0,0%	0,0%	1,4%	0,0%

Мұның неге байланысты болуы мүмкін? Әр облысқа тән жастардың көңіл-күйіне ықпал ететін бірқатар мәселелер бар. ОҚО бұл ең алдымен жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығына байланысты, осындай жағдай СҚО байқалады, статистика көрсетіп отырғандай жас қазақстандықтар көрші Ресейге оқуға кетіп, ТМЖ қалып жатады.

БҚО қатысты бірнеше мәселенің өзекті екендігін аңғаруға болады. Жалпы алғанда Батыс өңірінде жастардың табыс мөлшері, радикалдануы, ауыз суының тапшылығы сияқты мәселелер орын алған, ал бұл өңір республикалық бюджет үшін донор болып табылады.

4-кесте Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізді мақтан тұтасыз ба?

	Облыс							
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана	Алматы
Иә, мақтан тұтамын	60,4%	77,8%	60,3%	78,2%	63,0%	63,5%	83,2%	74,0%
Мақтан тұтатын шығармын	32,3%	17,8%	28,8%	20,5%	37,0%	36,2%	11,9%	26,0%
Мақтан тұтпайтын шығармын	1,0%	3,3%	8,2%	0,0%	0,0%	0,3%	3,0%	0,0%
Жоқ, мақтан тұтпаймын	3,1%	1,1%	1,4%	1,3%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%
Жауап бере алмаймын	3,1%	0,0%	1,4%	0,0%	0,0%	0,0%	2,0%	0,0%


Қоныстану жіктелімі бойынша өзінің Қазақстан Республикасының азаматы екенін мақтан тұтатындар саны ауылды жерлерде басым (5-кесте).

5-кесте Сіз Қазақстан Республикасының азаматы екеніңізді мақтан тұтасыз ба?

	Елді мекеннің түрі	
	Қала	Ауыл
Иә, мақтан тұтамын	74,0%	78,9%
Мақтан тұтатын шығармын	22,8%	20,1%
Мақтан тұтпайтын шығармын	1,7%	0,5%
Жоқ, мақтан тұтпаймын	0,9%	0,2%
Жауап бере алмаймын	0,6%	0,2%

Алынған мәліметтер бойынша Қазақстан жастары арасындағы өз өмірлеріне қанағаттанатындар саны барынша жоғары. Сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 94,4% өздерінің өмірлеріне көңілдері толады. Көңілі толмайтындар саны - 5,5%. Көңілім толады деп жауап бергендердің 53,8% толық қанағаттанамыз деп жауап берсе, 40,6% «Көңілім толатын шығар» деп жауап берген (2-диаграмма).

2-диаграмма



Гендерлік, жас ерекшелік, және қоныстану жіктелімдері бойынша бұл сұрақта айырмашылықтар жоқ.

Материалдық ахуал бойынша жіктегенде өз өміріне қанағаттануына жастардың табыс мөлшері әсер етеді, бірақ басты көрсеткіш болып саналмайды (6-кесте).

6-кесте Сіздің өз өміріңізге көңіліңіз тола ма әлде көңіліңіз толмай ма?

	Сіз отбасыңыздың материалдық жағдайын қалай бағалар едіңіз?						
	Толық жеткілікті, қаражаттан қысым көрмейміз	Ақша жылжымайтын мүлкімен басқасының барлығына жетеді	Ақша жеткілікті, бірақ жаңа автокөлік сатып алу қиындау	Ақша ең қажеттінің барлығына жетеді, бірақ ірі тұрмыстық техника сатып алу қиын	Ақша азық-түлікке жетеді, бірақ киім-кешек сатып алуға жеткіліксіз	Азық-түлікке ақша үнемі жете бермейді	Жауап бере алмаймын
Толық көңілім толады	81,8%	56,5%	51,4%	45,9%	47,7%	61,2%	52,4%
Көңілім толатын шығар	14,1%	39,0%	41,5%	49,4%	43,2%	28,6%	42,9%
Көңілім толмайтын шығар	3,0%	4,1%	3,7%	3,8%	6,0%	6,1%	3,2%
Толық көңілім толмайды	1,1%	0,4%	2,8%	0,6%	2,6%	2,0%	1,6%
Жауап бере алмаймын	0,0%	0,0%	0,6%	0,3%	0,4%	2,0%	0,0%

Ұлттық жіктелім бойынша өз өмірлеріне көңілдерінің толмайтындықтарын айтқан жастар арасында Қазақстанның орыс ұлтты жастарының саны басым (6,2%).

7-кесте Сіздің өз өміріңізге көңіліңіз тола ма әлде көңіліңіз толмай ма?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Толық көңілім толады	56,5%	47,7%	39,1%
Көңілім толатын шығар	37,9%	44,8%	57,8%
Көңілім толмайтын шығар	3,8%	6,2%	2,5%
Толық көңілім толмайды	1,6%	0,6%	0,0%
Жауап бере алмаймын	0,2%	0,6%	0,6%

Өз өміріне көңілі толмайтындар арасында бүгінгі таңда Батыс өңірінің жастары көп (БҚО және Маңғыстау облыстары); орыс халқының саны көп өңірлерде – Павлодар, Қостанай және Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облысында анықталған көрсеткіштер кестеде көрсетілген (8 және 9-кестелер).

8-кесте Сіздің өз өміріңізге көңіліңіз тола ма әлде көңіліңіз толмай ма?

	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Толық көңілім толады	81,0%	72,3%	52,6%	79,4%	60,4%	61,5%	46,5%	67,8%
Көңілім толатын шығар	19,0%	24,8%	42,2%	17,6%	34,7%	36,1%	42,3%	26,8%
Көңілім толмайтын шығар	0,0%	2,0%	2,8%	0,0%	2,8%	1,6%	7,0%	3,4%
Толық көңілім толмайды	0,0%	1,0%	1,9%	2,9%	1,4%	0,8%	1,4%	2,0%
Жауап бере алмаймын	0,0%	0,0%	0,5%	0,0%	0,7%	0,0%	2,8%	0,0%

9-кесте Сіздің өз өміріңізге көңіліңіз тола ма әлде көңіліңіз толмай ма?

	Облыс							
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана	Алматы
Толық көңілім толады	28,1%	60,0%	53,4%	70,5%	44,4%	28,5%	63,4%	52,5%
Көңілім толатын шығар	63,5%	25,6%	31,5%	23,1%	44,4%	69,1%	32,7%	39,9%
Көңілім толмайтын шығар	7,3%	6,7%	12,3%	6,4%	11,1%	2,4%	4,0%	5,4%
Толық көңілім толмайды	0,0%	6,7%	2,7%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	2,2%
Жауап бере алмаймын	1,0%	1,1%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%

Оптимизм деңгейін индикатор сұрақ арқылы анықтау үшін сауалнама қатысушыларынан «Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің өміріңіздің сапасы есейген кезде Сіздің ата-анаңыздың өмірімен салыстырғанда қандай болады?» деп сұрадық, Қазақстан жастарының басым көпшілігінің болашаққа үмітпен қарайтындығы анықталды.

Осылайша, ел жастарының 88,3% есейген шақта өмірлерінің сапасы ата-аналарының қазіргі өмірінің деңгейінен жақсы болады деп сенеді. 8,3% өмірлерінде айтарлықтай өзгеріс болмайды деп санайды. Өмір сапасы нашарлайды деп санайтындар үлесі - 1,1% (3-диаграмма).

3-диаграмма



Оптимизм жоғары білімі бар немесе жоғары білім алып жатқан жастар арасында жоғары (10-кесте).

10-кесте Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің өміріңіздің сапасы есейген кезде Сіздің ата-анаңыздың өмірімен салыстырғанда қандай болады?

	Сіздің біліміңіз қандай?						
	Жоғары білім және ғылыми дәреже	Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Кәсіби орта білім	Жалпы орта білім	Толық емес орта білім	Білім емес
Жақсарады	74,5%	59,8%	66,1%	58,2%	54,7%	60,9%	45,7%
Аздап жақсарады	16,4%	26,5%	25,7%	29,5%	32,4%	32,4%	32,6%
Өзгермейді	7,3%	9,6%	5,8%	8,4%	8,9%	6,1%	10,9%
Аздап нашарлайды	1,8%	1,4%	0,3%	0,5%	0,6%	0,0%	0,0%
Нашарлайды	0,0%	0,0%	0,7%	0,5%	0,6%	0,0%	0,0%
Жауап бере алмаймын	0,0%	2,7%	1,4%	2,8%	2,9%	0,6%	10,9%

Қазақтар басқа ұлт өкілдеріне қарағанда өздерінің ата-аналарына қарағанда жақсырақ өмір сүреміз деп сенеді (11-кесте).

11-кесте Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің өміріңіздің сапасы есейген кезде Сіздің ата-анаңыздың өмірімен салыстырғанда қандай болады?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Жақсарады	61,5%	52,3%	54,7%
Аздап жақсарады	27,4%	34,4%	29,8%
Өзгермейді	7,3%	9,7%	14,3%
Аздап нашарлайды	0,8%	0,3%	0,0%
Нашарлайды	0,4%	0,3%	0,0%
Жауап бере алмаймын	2,5%	2,9%	1,2%

Облыстық жіктелім бойынша пессимизмнің орыс халқы көп қоныстанған аумақта жоғары екендігін аңғарамыз. Бұл факт ең алдымен орыс халқы өкілдерінің Қазақстандағы жағдайына, олардың ұлттық саясатты түбегейлі түсінбеуіне, тілді меңгеру қиындығына, үш тілділіктің енгізілуіне және осыған байланысты білім беру саласында болған реформаларға байланысты болуы ықтимал (12 және 13-кестелер).

12-кесте Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің өміріңіздің сапасы есейген кезде Сіздің ата-анаңыздың өмірімен салыстырғанда қандай болады?


	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Жақсарады	75,9%	84,2%	70,1%	89,7%	66,7%	68,9%	32,4%	57,0%
Аздап жақсарады	24,1%	12,9%	23,2%	10,3%	18,1%	18,9%	36,6%	28,2%
Өзгермейді	0,0%	3,0%	3,3%	0,0%	9,7%	10,7%	7,0%	8,1%
Аздап нашарлайды	0,0%	0,0%	0,9%	0,0%	0,0%	0,0%	1,4%	2,0%
Нашарлайды	0,0%	0,0%	0,9%	0,0%	0,0%	0,0%	1,4%	1,3%
Жауап бере алмаймын	0,0%	0,0%	1,4%	0,0%	5,6%	1,6%	21,1%	3,4%

13-кесте Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің өміріңіздің сапасы есейген кезде Сіздің анаңыздың өмірімен салыстырғанда қандай болады?

	Облыс							
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана	Алматы
Жақсарады	53,1%	66,7%	43,8%	67,9%	63,0%	37,6%	59,4%	58,7%
Аздап жақсарады	22,9%	15,6%	28,8%	14,1%	27,8%	54,1%	33,7%	30,0%
Өзгермейді	21,9%	13,3%	17,8%	16,7%	7,4%	7,9%	2,0%	8,5%
Аздап нашарлайды	0,0%	0,0%	5,5%	0,0%	0,0%	0,0%	2,0%	0,9%
Нашарлайды	0,0%	0,0%	2,7%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%
Жауап бере алмаймын	2,1%	4,4%	1,4%	1,3%	1,9%	0,3%	3,0%	1,8%

Респонденттер тұрып жатқан елді мекеннің қалай дамып жатқандығына қатысты сұрақ та жастардың жергілікті деңгейде болып жатқан өзгерістерді көбіне жақсы бағалайтындықтары анықтады. Осылайша өзгерістерге «өте жақсы» деген баға беретіндер үлесі жастардың 35,1% құраса, «жақсы шығар» деген баға беретіндері - 52,9%. Жастардың 7,5% елді мекендерінің дамып жатқандығын, бірақ «жақсы емес» деген баға беретіндіктерін мәлімдесе, тағы 4,2% мүлде даму белгілерін көрмейтіндіктерін айтқан (4-диаграмма).

4-диаграмма



Өздері тұрып жатқан елді мекеннің дамуына көңілі толмайтындардың көбісі Қазақстан жастары арасынан орыс халқының өкілдеріне тән сипат (14-кесте).

14-кесте Сіз тұрып жатқан елді мекеннің қалай дамып жатқанына баға беріңізші?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Өте жақсы	36,3%	33,1%	26,7%
Жақсы шығар	52,3%	47,7%	59,0%
Жақсы емес шығар	6,4%	11,4%	10,6%
Мүлде дамып жатқан жоқ	3,9%	5,8%	3,7%
Жауап бере алмаймын	1,1%	1,9%	0,0%

Жастары тұрып жатқан елді мекеннің даму барысына көңілі толмайтын облыстар үштігінде - Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары бар (15 және 16-кестелер).

15-кесте Сіз тұрып жатқан елді мекеннің қалай дамып жатқанына баға беріңізші?

	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Өте жақсы	69,6%	51,5%	30,8%	72,1%	37,5%	48,4%	21,1%	35,6%
Жақсы шығар	27,8%	42,6%	56,9%	26,5%	50,0%	28,7%	57,7%	50,3%
Жақсы емес шығар	2,5%	5,0%	3,8%	0,0%	5,6%	18,9%	7,0%	6,7%
Мүлде дамып жатқан жоқ	0,0%	1,0%	5,7%	0,0%	3,5%	3,3%	7,0%	6,0%
Жауап бере алмаймын	0,0%	0,0%	2,8%	1,5%	3,5%	0,8%	7,0%	1,3%

16-кесте Сіз тұрып жатқан елді мекеннің қалай дамып жатқанына баға беріңізші?

	Облыс							
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана	Алматы
Өте жақсы	6,3%	47,8%	41,1%	41,0%	9,3%	19,4%	43,6%	32,7%
Жақсы шығар	61,5%	36,7%	42,5%	48,7%	55,6%	72,1%	54,5%	56,1%
Жақсы емес шығар	16,7%	12,2%	8,2%	7,7%	13,0%	7,1%	1,0%	8,1%
Мүлде дамып жатқан жоқ	13,5%	3,3%	8,2%	2,6%	22,2%	1,5%	0,0%	3,1%
Жауап бере алмаймын	2,1%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	1,0%	0,0%

Қала жастары өздері тұрып жатқан елді мекеннің даму барысына жақсы баға береді (17-кесте).

17-кесте Сіз тұрып жатқан елді мекеннің қалай дамып жатқанына баға беріңізші?

	Елді мекеннің түрі	
	Қала	Ауыл
Өте жақсы	37,4%	31,8%
Жақсы шығар	51,5%	52,9%
Жақсы емес шығар	6,2%	9,4%
Мүлде дамып жатқан жоқ	3,8%	4,8%
Жауап бере алмаймын	1,2%	1,1%

Саяси жағдайды елімізде жастардың басым көпшілігі жақсы бағалайды. Олардың 52,3% «Жағымсыз деуге қарағанда, жағымды шығар» деген жауапты таңдаса, 37,9% жағымды деуге болады деп көрсеткен. «Жағымды деуге қарағанда, жағымсыз шығар» деген жауапты ел жастарының 5,4% таңдаған, ал 1,3% оны жағымсыз деп бағалады (5-диаграмма).

5-диаграмма



Қазақ жастары, орыс жастарына қарағанда және басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда бүгінгі саяси жағдайды елімізде жағымды деуге болады деп отыр.

18-кесте Сіз бүгінгі таңдағы саяси жағдайды қалай бағалар едіңіз?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Жағымды деуге болады	39,7%	33,1%	29,2%
Жағымсыз деуге қарағанда, жағымды шығар	50,7%	55,8%	60,9%
Жағымды деуге қарағанда, жағымсыз шығар	5,0%	6,2%	7,5%
Жағымсыз деуге болады	1,4%	1,0%	0,0%
Жауап бере алмаймын	3,1%	3,9%	2,5%

Облыстық жіктелім бойынша саяси жағдайды елімізде төмен деп бағалау Маңғыстау жастары арасында байқалды (19 және 20-кесте).

19-кесте Сіз бүгінгі таңдағы саяси жағдайды қалай бағалар едіңіз?

	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Жағымды деуге болады	62,0%	44,6%	43,1%	66,2%	56,9%	50,8%	19,7%	36,2%
Жағымсыз деуге қарағанда, жағымды шығар	38,0%	45,5%	52,6%	23,5%	40,3%	39,3%	59,2%	54,4%
Жағымды деуге қарағанда, жағымсыз шығар	0,0%	5,9%	2,4%	7,4%	2,1%	3,3%	4,2%	6,0%
Жағымсыз деуге болады	0,0%	2,0%	0,5%	0,0%	0,0%	3,3%	4,2%	0,0%
Жауап бере алмаймын	0,0%	2,0%	1,4%	2,9%	0,7%	3,3%	12,7%	3,4%

20-кесте Сіз бүгінгі таңдағы саяси жағдайды қалай бағалар едіңіз?

	Облыс							
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана	Алматы
Жағымды деуге болады	17,7%	60,0%	21,9%	46,2%	29,6%	24,1%	32,7%	27,4%
Жағымсыз деуге қарағанда, жағымды шығар	63,5%	32,2%	30,1%	46,2%	50,0%	72,9%	57,4%	59,6%
Жағымды деуге қарағанда, жағымсыз шығар	11,5%	5,6%	24,7%	7,7%	1,9%	2,4%	2,0%	9,9%
Жағымсыз деуге болады	3,1%	2,2%	8,2%	0,0%	0,0%	0,3%	0,0%	1,3%
Жауап бере алмаймын	4,2%	0,0%	15,1%	0,0%	18,5%	0,3%	7,9%	1,8%

6-диаграмма

	%
Материалдық қиындықтар (төмен жалақы, шәкіртақы және т.б.)	43,8
Азық-түлік өнімдерінің, халық тұтынатын тауарлар бағасының жоғары болуы	49,2
Жұмысқа орналасу мәселелері, жұмыссыздық	45,8
Тұрғын үймен қиындықтар	48,5
Нашар денсаулық, денсаулықтың нашарлауы	43,5
Жеке өмірдің қалыптаспауы	12,6
Ата-анамен/аға буынмен қақтығыс, туыстар мен жақындарды түсінбеу	11,9
Ертеңгі күнге деген сенім жоқ	10,3
Төмен мәдениет деңгейі, жастардың рухсыздығы	12,3
Жеке қауіпсіздікке қатер төнуі (көшеде жүру қорқынышты және т.б.)	15,3
Жастар арасындағы қылмыс	5,8
Жастар ортасындағы діни экстремизм	11,2
Нашақорлық, токсикомания және алкогольизм, темекі шегу	11,0
Жастардың тынығу мәселелері, бос уақытты өткізетін жер жоқ	11,0
Жылдамдығы жоғары Ғаламторке, сапалы ұялы байланысқа қосылудың жоқтығы	12,7
Басқа	4,0
Ешбір мәселе жоқ	0,3
Өкілетті органдарда жемқорлық	6,7
Жауап бере алмаймын	0,1

Жастардың неғұрлым өзекті мәселелерінің бестігі:

- Материалдық қиыншылықтар (еңбек ақы мен шәкіртақының аздығы): 49,2%
- Жұмысқа тұру мәселесі, жұмыссыздық 48,5%
- Азық-түліктің, халықтық тұтыным тауарларының қымбаттығы 45,8%
- Жоғары білім алу қиындығы (бағасы қымбат және т.б.) 43,8%
- Баспана мәселесі 43,5%

Жас ерекшеліктері бойынша жіктелетін топтамалардың қажеттіліктері жастардың мәселелеріне қарғанда өзгеше екендігін аңғаруға болады (21-кесте).

21-кесте Сіздің елді мекендегі жастардың ең өзекті мәселелерін атай аласыз ба?

	Сіздің толық жасыңыз нешеде?		
	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Жоғары білім алу қиындығы (бағасы қымбат және т.б.)	45,1%	47,2%	41,3%
Материалдық қиыншылықтар (еңбек ақы мен шәкірт ақының аздығы)	40,1%	53,2%	51,7%
Азық-түліктің, халықтық тұтыным тауарларының қымбаттығы	40,7%	48,3%	47,0%
Жұмысқа тұру мәселесі, жұмыссыздық	44,5%	51,1%	49,0%
Баспана мәселесі	33,2%	44,2%	48,2%

Барлық этникалық топтама жастары үшін маңыздылығы бойынша өзектілігі бірдей мәселе материалдық мұқтаждық пен жұмысқа қамтылу қиындығы болып отыр. Ал басқа мәселелердің жастар арасындағы маңыздылығы әр түрлі этникалық топтар үшін әр түрлі. Қазақ жастары үшін баспана мәселесі, денсаулықтың нашарлауы, экстремизмнің өршуі аса маңызды болса, орыс және басқа ұлт жастары үшін қазақ жастарына қарағанда жоғарғы білім алу мен ертеңгі күнге сенімнің жоқтығы маңызды болып отыр (22-кесте).

22-кесте Сіздің елді мекендегі жастардың ең өзекті мәселелерін атай аласыз ба?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Жоғары білім алу қиындығы (бағасы қымбат және т.б.)	46,6%	35,1%	33,5%
Материалдық қиыншылықтар (еңбек ақы мен шәкірт ақының аздығы)	49,2%	49,7%	48,4%
Азық-түліктің, халықтық тұтыным тауарларының қымбаттығы	46,8%	41,9%	43,5%
Жұмысқа тұру мәселесі, жұмыссыздық	48,8%	47,1%	47,8%
Баспана мәселесі	45,5%	39,0%	32,9%
Денсаулықтың нашарлауы, төмендеуі	13,9%	9,4%	5,6%
Жеке өмірдің жағдайсыздығы	13,1%	8,1%	8,1%
Ертеңгі күнге сенімнің жоқтығы	11,8%	14,6%	13,0%
Жеке бас қауіпсіздігіне келетін нұқсан (көшеде жүру қорқынышты және т.б.)	6,2%	4,5%	3,7%
Жастар арасындағы діни экстремизм	12,1%	6,5%	8,7%
Жастардың бос уақытын тиімді өткізу мәселесі, жастар баратын жер жоқ	11,5%	18,2%	13,7%
Ешқандай мәселе жоқ	6,5%	5,5%	10,6%
Биліктегі жемқорлық	0,1%	0,3%	0,0%
Жауап бере алмаймын	0,3%	1,3%	1,9%

Барлық мәселелер топтамасы Қазақстанның Батыс өңірінде кездеседі (Атырау, Ақтөбе, БҚО облыстарында), Астана қаласында да түрлі мәселелердің өзектілігі артып отыр.

Батыс-Қазақстан облысындағы әрбір екінші адамның және Қызылорда облысындағы әрбір алтыншы адамның жастар ортасындағы діни экстремизм мәселесін атап айтқандығына назар аудару керек (23 және 24-кесте).

23-кесте Сіздің елді мекендегі жастардың ең өзекті мәселелерін атай аласыз ба?

	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Жоғары білім алу қиындығы (бағасы қымбат және т.б.)	43,0%	62,4%	42,2%	73,5%	41,7%	29,5%	56,3%	49,0%
Материалдық қиыншылықтар (еңбек ақы мен шәкірт ақының аздығы)	55,7%	43,6%	42,7%	76,5%	63,9%	30,3%	47,9%	53,7%
Азық-түліктің, халықтық тұтыным тауарларының қымбаттығы	67,1%	70,3%	35,1%	63,2%	59,7%	18,9%	26,8%	47,0%
Жұмысқа тұру мәселесі, жұмыссыздық	26,6%	72,3%	43,6%	79,4%	45,8%	37,7%	53,5%	48,3%
Баспана мәселесі	44,3%	78,2%	33,6%	92,6%	52,1%	22,1%	36,6%	52,3%
Денсаулықтың нашарлауы, төмендеуі	0,0%	7,9%	18,5%	38,2%	13,9%	1,6%	15,5%	14,8%
Жеке өмірдің жағдайсыздығы	2,5%	11,9%	20,9%	7,4%	9,0%	9,0%	29,6%	10,1%
Ата-анамен жанжалдасу / үлкендермен түсініспеушілік, жақындармен және туыстармен ұрсыс	0,0%	8,9%	17,5%	1,5%	4,9%	8,2%	29,6%	12,8%
Жастар арасындағы діни экстремизм	7,6%	37,6%	14,2%	4,4%	2,1%	10,7%	47,9%	4,7%

24-кесте Сіздің елді мекендегі жастардың ең өзекті мәселелерін атай аласыз ба?

	Облыс							
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана	Алматы
Жоғары білім алу қиындығы (бағасы қымбат және т.б.)	33,3%	50,0%	45,2%	19,2%	31,5%	37,6%	58,4%	45,3%
Материалдық қиыншылықтар (еңбек ақы мен шәкірт ақының аздығы)	58,3%	48,9%	19,2%	43,6%	51,9%	38,8%	76,2%	56,5%
Азық-түліктің, халықтық тұтыным тауарларының қымбаттығы	54,2%	38,9%	24,7%	34,6%	50,0%	35,0%	84,2%	51,1%

Жұмысқа тұру мәселесі, жұмыссыздық	63,5%	57,8%	30,1%	38,5%	85,2%	30,0%	80,2%	50,7%
Баспана мәселесі	32,3%	42,2%	30,1%	37,2%	55,6%	23,2%	77,2%	48,9%
Жастар арасындағы діни экстремизм	4,2%	16,7%	15,1%	3,8%	1,9%	3,5%	5,9%	14,8%


Қала жастары өз өмірлерінде болып жатқан мәселелерді ауыл жастарына қарағанда ауыр қабылдайды.

25-кесте Сіздің елді мекендегі жастардың ең өзекті мәселелерін атай аласыз ба?

	Елді мекеннің түрі	
	Қала	Ауыл
Жоғары білім алу қиындығы (бағасы қымбат және т.б.)	43,9%	43,6%
Материалдық қиыншылықтар (еңбек ақы мен шәкірт ақының аздығы)	51,8%	45,6%
Азық-түліктің, халықтық тұтыным тауарларының қымбаттығы	47,5%	43,4%
Жұмысқа тұру мәселесі, жұмыссыздық	50,9%	45,0%
Баспана мәселесі	46,6%	39,1%

Жеке басының қауіпсіздігіне қатысты қойылған сұраққа еліміздің жастарының көпшілігі өздерін қауіпсіз сезінетіндіктерін айтты (88,7%). Дегенмен, 9,4% немесе әрбір оныншы адам өзінің қауіпсіздігіне алаңдайды (7-диаграмма).

7-диаграмма



Ұлттық жіктелім бойынша өзгешеліктер жоқ (26-кесте).

26-кесте Сіз өзіңіздің жеке басыңыздың қауіпсіздігіне сенімдісіз бе?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Иә	51,4%	40,6%	45,3%
Солай шығар	36,7%	49,7%	45,3%
Солай емес шығар	7,6%	4,5%	5,0%
Жоқ	2,3%	3,2%	3,1%
Жауап бере алмаймын	2,0%	1,9%	1,2%

Өңірлік жіктелім бойынша бұл мәселенің жекелеген өңірлерге қатысты басқаша сипатта екендігін айтуға болады, Ақтөбе облысында бұл мәселені сауалнамаға қатысқан жастардың 30,7% және Маңғыстау облысында 16,4% сезінеді екен.

27-кесте Сіз өзіңіздің жеке басыңыздың қауіпсіздігіне сенімдісіз бе?

	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Иә	54,4%	41,6%	60,2%	77,9%	57,6%	55,7%	40,8%	55,0%
Солай шығар	43,0%	27,7%	27,0%	20,6%	39,6%	33,6%	31,0%	34,9%
Солай емес шығар	1,3%	27,7%	8,5%	0,0%	0,7%	7,4%	14,1%	4,7%
Жоқ	0,0%	3,0%	2,4%	0,0%	0,7%	3,3%	1,4%	2,7%
Жауап бере алмаймын	1,3%	0,0%	1,9%	1,5%	1,4%	0,0%	12,7%	2,7%

28-кесте Сіз өзіңіздің жеке басыңыздың қауіпсіздігіне сенімдісіз бе?

	Облыс							
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана	Алматы
Иә	31,3%	53,3%	46,6%	66,7%	29,6%	48,2%	45,5%	30,5%
Солай шығар	62,5%	32,2%	31,5%	21,8%	57,4%	45,0%	48,5%	54,3%
Солай емес шығар	4,2%	6,7%	6,8%	7,7%	5,6%	3,2%	0,0%	13,0%
Жоқ	1,0%	6,7%	9,6%	3,8%	0,0%	3,5%	1,0%	0,9%
Жауап бере алмаймын	1,0%	1,1%	5,5%	0,0%	7,4%	0,0%	5,0%	1,3%

Қазақстандық жастардың үштен бір бөлігінен астамы жеке бастарының қауіпсіздігіне терроризмнің (36,9%) нұқсан келтіруі мүмкін деп санайды, әрі қарай тізім бойынша: ауыру (18%), соғыс қауіпі (15,8%), экологиялық апаттар (15,5%), жұмыссыздық (15,1%) (8-диаграмма).

8-диаграмма



Ұлттық жіктелім бойынша анықталған айырмашылықтар төмендегідей (29-кесте):

29-кесте Сіздің қалай ойлайсыз, Сіздің жеке басыңыздың қауіпсіздігіне қандай жағдайдың қауіп төндіруі мүмкін?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Соғыс	15,1%	21,8%	10,6%
Ұлтаралық қақтығыстар	6,1%	8,4%	8,7%
Терроризм	37,8%	37,0%	28,0%
Ауаның, судың ластануы	16,1%	12,3%	16,1%
Түрлі аурулар	18,1%	16,9%	19,3%
Жұмыссыздық	15,9%	11,4%	14,9%

Бүгінгі таңда Қазақстан жастарын дағдарысқа ұшыратып отырған нөмірі бірінші жағдай қаржылық қиыншылық, бұл көрсеткіш 38,9% тең. Екінші орында – отбасылық мәселелер - 14,9%. Жастар арасынан әрбір онынша адам оқуына, жұмысына қатысты қиын күй кешуде (10,6%) (9-диаграмма).

9-диаграмма



Бұл сұрақ бойынша ұлттық жіктелімде айырмашылық аз (30-кесте).

30-кесте Сізді дағдарысқа ұшырататын жағдайларды атап айта аласыз ба?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Қаржылық қиыншылықтар	38,1%	43,2%	38,5%
Әріптестер, достар арасындағы жанжал	8,4%	7,1%	9,9%
Отбасылық мәселе	14,4%	15,9%	18,0%
Жалғыздық	5,4%	5,8%	5,6%
Оқудағы, жұмыстағы қиындық	11,2%	8,4%	9,3%
Басқа жағдай	0,2%	0,0%	0,0%
Менде дағдарысты жағдай жоқ	24,6%	23,4%	26,7%
Азқ-түліктің қымбаттығы	0,1%	0,3%	0,0%
Жемқорлық	0,1%	0,0%	0,0%
Денсаулыққа қатысты мәселе	0,3%	0,0%	0,0%
Жұмыссыздық	0,1%	0,0%	0,0%
Жауап бере алмаймын	6,2%	6,2%	4,3%

Әлеуметтік ахуал бойынша келесі сұрақ жастардың өз денсаулықтарына беретін бағасына қатысты болды. Көпшілігі өз денсаулығын жақсы дейді – 74,6%. Дегенмен, 24,7% денсаулығына байланысты белгілі қиыншылықтар бар.

31-кесте Сіз өзіңіздің денсаулығыңызға қандай баға бересіз?

Денсаулығым мықты, мүлде ауырмаймын	26,4%
Жақсы, сирек ауырамн	48,2%
Қанағатанарлық	22,2%
Нашар, жиі ауырамын	1,6%
Өте нашар, жиі және ұзақ ауырамын	0,9%
Жауап бере алмаймын	0,7%


Осы сұрақ бойынша көрсеткіштердің материалдық жағдаймен корреляциясы анық байқалады. Материалдық тапшылық көретін жастар мен қаражаты азық-түлігіне зорға жететіндер өз денсаулықтарын «нашар» деп бағалайды (32-кесте).

32-кесте Сіз өзіңіздің денсаулығыңызға қандай баға бересіз?

	Сіз отбасыңыздың материалдық жағдайын қалай бағалар едіңіз?						
	Толық жеткілікті, қаражаттан қысым көрмейміз	Ақша жеткілікті, бірақ мүлдем басқасының барлығына жетеді	Ақша жеткілікті, бірақ жаңа автокөлік сатып алу қиындау	Ақша ең қажеттінің барлығына жетеді, бірақ ірі тұрмыстық техника сатып алу қиын	Ақша азық-түлікке жетеді, бірақ киім-кешек сатып алуға жеткіліксіз	Азық-түлікке ақша үнемі жете бермейді	Жауап бере алмаймын
Денсаулығым мықты, мүлде ауырмаймын	40,1%	24,4%	25,8%	25,1%	20,3%	20,4%	23,8%
Жақсы, сирек ауырамн	43,5%	47,2%	49,8%	50,1%	49,2%	42,9%	39,7%
Қанағатанарлық	11,5%	26,0%	21,5%	22,8%	26,3%	30,6%	27,0%
Нашар, жиі ауырамын	2,2%	1,2%	1,8%	0,6%	3,0%	4,1%	1,6%
Өте нашар, жиі және ұзақ ауырамын	1,9%	0,8%	0,6%	0,9%	0,0%	2,0%	1,6%
Жауап бере алмаймын	0,7%	0,4%	0,3%	0,5%	1,1%	0,0%	6,3%

Дегенмен, қолдағы мәліметтер Қазақстан жастарының дене шынықтыру және спортпен белсенді түрде айналысатындығын көрсетіп отыр (10-диаграмма).

10-диаграмма




Ел жастарының бағалауы бойынша көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы төмен. Медициналық қызметтер көрсету сапасына толық көңілім толады деп жауап бергендер 28,5% ғана. Дәрігерлер медицина қызметкерлерінің жұмысына жартылай көңілі толатындар 54,6%, мүлде қанағаттанбаймын дегендер 15% (11-диаграмма).

11-диаграмма



Ал жастардың көші-қон бейімділігіне келетін болсақ, жас қазақстандықтардың 12,2% бүгінгі таңда Қазақстаннан кетіп, азаматтығын ауыстыруға, басқа елге тұрақты түрде көшіп кетуге дайын (12-диаграмма).

12-диаграмма



Қазақстандық жастар арасында тұратын жерін өзгертуге ниеттілер арасында орыс ұлтының жастары көп (27,3%), қоныстану бойынша ең жоғары көрсеткіш қалалық тұрғындарға тиесілі.

33-кесте Егер Сізде басқа елге көшіп кету немесе осы елде қалу мүмкіндігі болса, қайсысын таңдар едіңіз?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Өз елімде қалатын едім	55,6%	33,4%	44,7%
Басқа елге уақытша тұруға баратын едім, бірақ өз еліме қайтып ораламын	33,9%	37,7%	37,3%
Мен басқа елге түбегейлі көшіп кетер едім	8,9%	27,3%	13,7%
Жауап бере алмаймын	1,6%	1,6%	4,3%

Облыстық жіктелім бойынша Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарының тұрғындарының көрсеткіштері басым.

34-кесте Егер Сізде басқа елге көшіп кету немесе осы елде қалу мүмкіндігі болса, қайсысын таңдар едіңіз?

	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Өз елімде қалатын едім	65,8%	59,4%	55,5%	79,4%	63,2%	59,8%	45,1%	33,6%
Басқа елге уақытша тұруға баратын едім, бірақ өз еліме қайтып ораламын	16,5%	26,7%	37,4%	14,7%	29,9%	23,8%	39,4%	45,6%
Мен басқа елге түбегейлі көшіп кетер едім	16,5%	12,9%	6,2%	1,5%	6,3%	11,5%	14,1%	20,1%
Жауап бере алмаймын	1,3%	1,0%	0,9%	4,4%	0,7%	4,9%	1,4%	0,7%

35-кесте Егер Сізде басқа елге көшіп кету немесе осы елде қалу мүмкіндігі болса, қайсысын таңдар едіңіз?

	Облыс							
	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Астана	Алматы
Өз елімде қалатын едім	26,0%	56,7%	39,7%	46,2%	44,4%	56,2%	43,6%	43,5%
Басқа елге уақытша тұруға баратын едім, бірақ өз еліме қайтып ораламын	35,4%	30,0%	28,8%	39,7%	31,5%	38,2%	43,6%	42,2%
Мен басқа елге түбегейлі көшіп кетер едім	32,3%	12,2%	21,9%	14,1%	22,2%	5,6%	10,9%	13,0%
Жауап бере алмаймын	6,3%	1,1%	9,6%	0,0%	1,9%	0,0%	2,0%	1,3%

Келесі сұрақ жастардың басым бөлігінің болашаққа үмітпен және оптимизммен қарайтынын көрсетіп отыр (71,5%). Олардың 13,1% болашақты қандай да бір алаңсыздықпен күтетіні анықталды. Ал 13,4% жастар болашақтары үшін қорқады (13-диаграмма).

13-диаграмма



Болашаққа оптимизммен қарайтындар арасында қазақтар көп, ал орыс ұлтының жастары мен басқа ұлт өкілдері қандай да бір ерекше үмітсіз, бейтарап пікірде. Дегенме, бұл айырмашлық үлкен емес (36-кесте).

36-кесте Сіз қазіргі уақытта өзіңіздің болашағыңызды қалай елестетесіз, не күтесіз?

	Сіздің ұлтыңыз қандай?		
	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілі
Үмітпен және оптимизммен	72,6%	68,2%	67,7%
Алаңмен және сенімсіздікпен	10,1%	11,7%	12,4%
Қорқынышпен және ашынумен	2,9%	2,6%	1,2%
Бір қалыпты, қандай да бір үмітсіз	12,3%	15,9%	14,9%
Жауап бере алмаймын	2,1%	1,6%	3,7%

Батыс өңірінің, сондай-ақ Жамбыл облысының жастары басқа өңірдің жастарына қарағанда өз болашақтары үшін көп алаңдайды.

37-кесте Сіз қазіргі уақытта өзіңіздің болашағыңызды қалай елестетесіз, не күтесіз?

	Облыс							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан	Қарағанды
Үмітпен және оптимизммен	86,1 %	85,1 %	86,3 %	61,8%	77,1%	50,0 %	63,4%	70,5%
Алаңмен және сенімсіздікпен	6,3%	3,0%	5,2%	8,8%	10,4%	9,0%	16,9%	7,4%
Қорқынышпен және ашынумен	0,0%	2,0%	0,9%	14,7%	1,4%	12,3 %	4,2%	1,3%
Бір қалыпты, қандай да бір үмітсіз	7,6%	9,9%	7,1%	11,8%	7,6%	23,8 %	14,1%	18,8%
Жауап бере алмаймын	0,0%	0,0%	0,5%	2,9%	3,5%	4,9%	1,4%	2,0%

38-кесте Сіз қазіргі уақытта өзіңіздің болашағыңызды қалай елестетесіз, не күтесіз?

	Облыс							
	<i>Қостанай</i>	<i>Қызылорда</i>	<i>Маңғыстау</i>	<i>Павлодар</i>	<i>Солтүстік Қазақстан</i>	<i>Оңтүстік Қазақстан</i>	<i>Астана</i>	<i>Алматы</i>
Үмітпен және оптимизммен	58,3 %	63,3 %	43,8%	75,6 %	79,6%	66,5%	87,1 %	75,8%
Алаңмен және сенімсіздікпен	15,6 %	17,8 %	23,3%	9,0%	1,9%	14,4%	5,0%	12,1%
Қорқынышпен және ашынумен	0,0%	1,1%	9,6%	5,1%	0,0%	0,3%	1,0%	2,2%
Бір қалыпты, қандай да бір үмітсіз	25,0 %	11,1 %	11,0%	10,3 %	11,1%	18,8%	4,0%	9,0%
Жауап бере алмаймын	1,0%	6,7%	12,3%	0,0%	7,4%	0,0%	3,0%	0,9%

ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР:

Анықталған деректерге сай ел жастарының басым көпшілігінің **Қазақстан азаматы екенін мақтан тұтатындықтары** анықталды (76,1% мақтан тұтамын, 21,7% мақтан тұтатын шығармын). Сенімді түрде «Қазақстанның азаматы екенімді мақтан тұтамын» деген жауапты бергендер арасында қазақтар саны басым, орыстар мен басқа ұлт өкілдері «мақтан тұтатын шығармын» деген жауапты таңдаған қазақтар санынан артық екендігін байқадық.

Ал өз таңдауларын нақты жасай алмаған жастар, «Қазақстанның азаматы екеніңізді мақтан тұтасыз ба?» сұрағына «Солай шығар» деген жауапты таңдаған жастар Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында көп. Мұның неге байланысты болуы мүмкін? Әр облыстың жастардың көңіл-күйіне әсер ететін мәселелері бар. Демек, еліміздің азаматы екендігіне байланысты мақтанышты сезінудің корреляциясы жастардың өмір сүру сапасының көрсеткіштерімен корреляцияланады, бұл өңірлік жіктелімдегі жауаптар көрсеткішінен анық байқалады.

Сонымен қоса, Қазақстан азаматы екенін мақтан тұтатындар арасында ауылдық жердің тұрғындары көп.

Өз өміріне көңілдерінің толу деңгейі есептелген нәтижелер бойынша Қазақстан жастары арасында өте жоғары. Жалпы сауалнамаға қатысқандардың 94,4% өз өміріне көңілдері толады. Көңілдері толмайтындар - 5,5%. Өз өміріме және оның сапасына көңілім толады деп жауап берген 53,8% ішінде 40,6% «Көңілім толатын шығар» деп жауап берген.

Табыс мөлшері жас қазақстандықтардың өз өміріне қанағаттануына әсер етеді, бірақ басты фактор емес.

Өз өміріне көңілі толмайтындықтарын жеткізген жастар арасында орыс ұлтының азаматтары (6,2%) басым. Облыстық жіктелім бойынша көбіне Батыс өңірінің (БҚО және Маңғыстау облыстары) жастары көп, ал орыс ұлтының жастарының саны Павлодар, Қостанай және Солтүстік Қазақстан, сонда-ақ Қызылора облыстарында басым.

Қазақстан жастарының көбісі **болашаққа сеніммен қарайды**. Қазақстан жастарының кемінде 70% болашаққа оптимизммен қарайды, 13,1% болашақтар айтарлықтай ештеңе күтпейді. Ал жастардың 13,4% өз болашақтары үшін алаңдайды.

Болашаққа оптимизммен қарайтындар арасында қазақтар көп, орыстар мен басқа ұлт өкілдері болашаққа алаңдаушылықпен қарайтындармен салыстырғанда көбірек.

Өңірлік жіктелімде пессимизм деңгейінің орыс халқы көп тұратын өңірде басым екендігі көрінеді, мұнда қазақтарға қарағанда оптимизм деңгейі төмен. Мұның ең алдымен орыстардың Қазақстанда өздерін әлеуметтік тұрғыда қалай сезінетіндіктеріне, ұлттық саясатты жетік түсінбеуіне байланысты болуы мүмкін, мысалы, тілдік мәселе, үш тілділіктің енгізілуі мен осыған байланысты білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер. Сонымен қоса облыстық жіктелімде болашақтарына алаңдаушылықты Батыс өңірінің жастарының көп сезінетіндігі көрінеді.

Елді мекеннің дамуына қатысты респонденттер өздерінің тұрып жатқан жерлерінде болып жатқан өзгерістерді жақсы бағалайтындықтарын айтты. Өзгерістерді «өте жақсы» деп бағалайтындар 35,1%, «жақсы шығар» деген жастар көлемі 52,9%. Жастардың 7,5% елді мекендерін дамып жатыр, бірақ жақсы емес деп санайды, тағы 4,2% елді мекендерін мүлде дамып жатқан жоқ деп санайды.

Өздері тұрып жатқан елді мекеннің дамуына мүлде көңілі толмайтын жастар көп кездескен облыстар үштігіне Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары кірді.

Қалалық жастар өздері тұрып жатқан елді мекеннің дамуына көңілдері толатындықтарын айтқан.

Елдегі саяси жағдайды жастардың басым көпшілігі жалпы түрде жағымды (90,2%) деп санайды. Олардың 52,3% «жағымсыз деуге қарағанда, жағымды шығар» деген жауапты таңдаса, 37,9% «жағымды деуге болады» деген жауапты таңдаған. Облыстық жіктелімде елдегі жағдайға көзқарастары қайшы жастардың Маңғыстау облысында көп екендігі көрінеді.

Жастардың ең өзекті мәселелерінің бестігі қатарында:

- | | |
|---|-------|
| • Материалдық қиыншылықтар (еңбек ақы мен шәкірт ақының аздығы) | 49,2% |
| • Жұмысқа тұру мәселесі, жұмыссыздық | 48,5% |
| • Азық-түліктің, халықтық тұтыным тауарларының қымбаттығы | 45,8% |
| • Жоғары білім алу қиындығы (бағасы қымбат және т.б.) | 43,8% |
| • Баспана мәселесі | 43,5% |

